

Мектептегі мерекелер:

тәрбие жұмыстарының сценарийлері

*Алматы қаласы Бостандық ауданы Әл-Фараби атындағы
№145 мектеп-гимназия базасында өткен
«Ясауи ілімі — рухани мәдениеттің қайнар көзі»
аппты аудандық семинар*



*Алматы қаласы Бостандық ауданы Әл-Фараби атындағы
№ 145 мектеп-гимназия базасында өткен
«Ясауи ілімі — рухани мәдениеттің қайнар көзі»
аппы аудандық семинар*



Мектептегі мерекелер

тәрбие жұмыстарының сценарийлері

Журнал 2006 жылдың қаңтар айынан бастап екі айда бір рет қазақ тілінде шыға бастады.
2011 жылдан бастап ай сайын шығады

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал)

МАЗМҰНЫ

А. Табиев, А. Муратбаев. Ясауи ілімі – рухани мәдениеттің қайнар көзі	3
А. Біршілік. MUQAĞALI. LIVE.....	6
Е. Әбдіманапова. Қысқа қағыспа айтыс. Біржан сал мен қыздың айтысы.....	11
Р. Жумагулова. Кітаппен бірге болашаққа.....	15
А. Сқақова. Қазір кітап оқу – тренд, білім алу – бренд	19
Ж. Ақрапова. Туған өлке жыршысы	22
А. Есенгулова. Ұлттық кітап күні: рухани мұраға тағзым	25
Н. Абатқызы. Ерлігімен елге танылған батыр қыз.....	28
А. Жұмагерей. Ғасырлар пернесі – ғибрат ғұмыр.....	30
Ф. Жанғанаева. Барлығы әдебиетке деген қызығушылығымнан басталды... ..	33
Н. Калиева. Кітап – біздің досымыз	34
Г. Каримова. Алтыбақан аясында	38
Оқушылар шығармашылығы.....	41

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

«Мектептегі мерекелер:
тәрбие жұмыстарының
сценарийлері» журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, №10966-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75489

Басуға қол қойылды
06.05. 2026 ж.
Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 326.

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 303 37 67.

Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru
Сайт: www.pedagog-ltd

Журнал <<Print House GERONA>>
баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі
30А/3, 124-кеңсе.
Тел.: (727) 250 47 40.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Кіршібаева Райхан –
эл-Фараби атындағы
№145 мектеп-гимназия
директорының тәрбие
жұмысы жөніндегі
орынбасары.
Алматы қаласы.

**Қоңырбаева Сараш
Сахиқызы** – эл-Фараби
атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің
қауымдастырылған
профессоры, педагогика
ғылымдарының кандидаты.
Алматы қаласы.

**Атабекова Бақытгүл
Ботабекқызы** – PhD,
Абай атындағы Қазақ
Ұлттық педагогикалық
университетінің аға
оқытушысы. Алматы қаласы.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде CD дискіге жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Ясауи ілімі – рухани мәдениеттің қайнар көзі

Алматы қаласы, Бостандық ауданы Әл-Фараби атындағы №145 мектеп-гимназия базасында «Ясауи ілімі – рухани мәдениеттің қайнар көзі» атты аудандық семинар өтті. Семинарға «АМАНАТ» партиясы Бостандық аудандық филиалының төрағасы Сәбен Тынышқали, Бостандық ауданы Білім бөлімінің басшысы Айгүл



Қасымбек пен аудан әдіскерлері, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры Орынай Жұбай, PhD доктор Жанат Сарсенбай, SDU оқытушысы, әдебиеттанушы-ғалым Ақбота Абиыр қатысып, Ясауи мұрасына қатысты ғылыми баянда-

малар жасады. Сонымен қатар мектеп-гимназия мұғалімдері – тарих пәні мұғалімі Шол-





пан Аманбаева мен қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Балауса Елшібай әдістемелік баяндамалар оқып, өз тәжірибелерімен бөлісті. Аудан мектептерінен келген 30-дан астам қазақ тілі мен әдебиеті және тарих мұғалімдері семинар жұмысына қатысып, пікір алмасты.

Семинардың ашылуында сөз сөйлеген мектеп-гимназия директоры Нұрғали Нурадинов Ясауи ілімінің рухани мәні мен оның бүгінгі жас ұрпақ тәрбиесіндегі орнын ерекше атап өтті. Мектеп оқушылары рухани-мәдени құндылықпен бой-



ға дарыған өнерлерін паш етті: рухты ән шырқап, күйді күмбірлетті, ұлттық биден шашу шашып, Ясауи хикметтерін оқыды, театрландырылған қойылым қойды. Ұзақ жыл бойы қалыптасқан ұлтымыздың рухани мұраларын насихаттаған оқушыларымыздың өнері бұл семинардың сәнін келтіріп, ажарын айшықтады, тындау-

шылардың ықыласын арттырды.

Аталған семинар «Ясауи ілімі» идеясын жандандырып қана қоймай, Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекіткен кешенді жоспарымен де астасты. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен бекітілген 2026-2028 жылдарға арналған «Қожа Ахмет Ясауи мұрасын ілгерілету және насихаттау» іс-шаралар жоспарына сәйкес, ұлы ойшыл мұрасын насихаттау мақсатында 37 нақты іс-шара қарастырылған. Бұл іс-шара да — аталған жоспардың іске асырылып жатқанының айқын көрінісі.

Қорыта айтқанда, «Ясауи ілімі — рухани мәдениеттің қайнар көзі» тақырыбындағы бұл аудандық семинар ұлттық руханиятты жаңғырту жолындағы маңызды қадамдардың бірі болды. Іс-шара барысында айтылған ғылыми тұжырымдар мен әдістемелік тәжірибелер Қожа Ахмет Ясауи мұрасының тереңдігін тағы бір мәрте айқындап, оның қазіргі білім беру үдерісіндегі өзектілігін дәлелдеді.

Семинар тек пікір алмасу алаңы ғана емес, сонымен қатар ұстаздардың кәсіби дамуына серпін беретін, жас ұрпаққа рухани құндылықтарды сіңірудің тиімді жолдарын көрсететін мазмұнды басқосу болды. Оқушылардың өнері мен ұстаздардың ізденісі үндесіп, ұлттық болмыс пен рухани сабақтстықтың жарқын көрінісін танытты.

Алдағы уақытта мұндай тағылымды шаралар жалғасын тауып, мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған кешенді жоспар аясында Ясауи мұрасы кеңінен дәріптеліп, ұлттың рухани тірегіне айнала беретіні сөзсіз.

**Айдос Мұратұлы
ТАБИЕВ,
Алишер Арманұлы
МУРАТБАЕВ,
Әл-Фараби атындағы №145
мектеп-гимназия
директорының оқу ісі
жөніндегі орынбасарлары.
Алматы қаласы**

MUQAĞALI. LIVE

Мақсаты: Мұқағали Мақатаевтың өмірбаянымен өмір жолымен таныстыру. Ақындық талантын балаларға насихаттау, поэзия әлеміне, сөз өнеріне сүйіспеншіліктерін арттыру.

Кештің көрнекілігі: кеш тақырыбы мен ақын портреті, буклет, альбом және кітап, журналдармен көркемделген көрме, тақырыптық слайд.

1-жүргізуші: Қайырлы күн! Құрметті қонақтар мен оқырмандар!

Жыл керуені алға жылжыған сайын Мұқағали Мақатаевтың артына қалдырған өшпес мұрасы жарық жұлдыздың қараңғы түн қойнауынан құпия сәулесін шашқандай жарқырай, өркендей өсіп, айшықтала түсуде. Абай үндес Мұқағалидай перзенті бар халық – шынымен бақытты халық.

2-жүргізуші: «Book zone» креативті алаңдар жобасы аясында қазақтың көрнекті ақыны Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толуына орай «MUQAĞALI. LIVE» атты поэзиялық кешіміз қазақ өлеңінің аспанында ерекше нұрланып, жарқырап өткен ақиық ақын туғанына 95 жыл толуына арналып отыр.



Мұқағали Мақатаев (1931-1976) Алматы облысының ұлы Хан-Тәңірі тауының етегіндегі Қарасаз ауылында дүниеге келген. Горкий атындағы Ленинград (Санкт-Петербург) университетін бітірген. 9 ақпан күні көзі тірі болса 95 жасқа толар еді...

1-жүргізуші:

Бүгін менің туған күнім
Ой, пәле-ай!

Мына адамдар неге жатыр тойламай?!

Банкет жасап берер едім өзім-ақ,
Тәңірдің бір жарытпай-ақ қойғаны-ай.

2-жүргізуші:

Мына дүние неге жатыр үндемей?!

Алаулатып тойдың шоғын үрлемей.

Құшақ-құшақ гүл шоқтарын лақтырып,

«Мынау – шапан,

Мынау – атың, мін» - демей.

1-жүргізуші:

Тойланбаса, тойланбасын,
Не етейік.

Той көрмей-ақ, сый көрмей-ақ
өтейін,

Қаламымды берші маған, бәйбіше,
Болашаққа арыз жазып кетейін...

2-жүргізуші:

Жазылар естеліктер мен туралы,
Біреулер жан еді дер өр тұлғалы.
Біреулер тұлпар еді дер де мүмкін,
Бүтінделмей кеткен бір ер-тұрманы,
- деп Мұқағали Мақатаев жайдан-жай айтпаған.

«Ана мен бала» әні орындалады.

1-жүргізуші: Аламан бәйгеде
оза шауып, өлең-жырда шашасына
шаң жұқтырмаған ерен жүйрік
талантты тұлға Мұқағали ақынның
өмір жолы сан қырлы. Оны
біріміз білсек те, біріміз білмейміз,
енді бір сәт оның өмірінен
деректерге жүгінсек.

«Менің анкетам» өлеңін жүргізушілер кезекпен оқиды.

- Туған жерің?
- Ұланымын, Қарасаз деп аталатын ауылдың.
- Туған жылың?
- 1931. Құрдасымын Шәмілдің.
- Жынысың кім?
- Еркекпін ғой, еркекпін!
- Және-дағы тәуірмін...
- Партияда барсың ба?
- Жоқпын.
- Бірақ, коммунистік көзқарас-

пен қараймын.

- Шыққан тегің?
 - Шаруамын.
- Бар тірліктен бағалы оны санаймын.

- Білімің ше?
 - Орташа ғой.
- Алайда оны жоғарыға балаймын.

- Ана тілің?
- Қазақша. Қысылғанда орысша да, немісше де, тағы бар.
- Қайда істедің?
- Мынау «Еңбек кітапшамнан» танып ал.

Оқымаған дипломсыз демесең
Бір басымнан бар мамандық табылар.

- Міндетісің бе әскерге?
 - Міндеттімін.
- Бірақ әлі жас кеуде.
Жауынгердің ұлымын ғой,
Жанын қиған Мәскеуге.
- Сөгіс алып көрдің бе?
 - Ол жағынан періште едім дей алмаймын,

Мен мүлде.
Ойлы-қырлы бұл өмірде болады ғой мүлт кету,

Ол өзі бір еншісі ғой ездің әрі ердің де...

- Шет елдерде болдың ба?
- Болғамын жоқ.

Олар маған тұрған да жоқ қол бұлғап.

Қалсам болды, өлсем болды жайыммен,

Осы отырған орнымда-ақ.

- Мекен-жайың?

- Мекен-жайым – жер менің,

Жерде өскен ақын деген пенде-
мін.

Қалам, қағаз, уақыт бер тек аздаған,

Мен өмірді жырлау үшін келгенмін!

2-жүргізуші: Иә, Мұқағали – ғажайып, ақиық, сыршыл, гуманист ақын. Ол бізге көрінбейтін сиқыр бояулардан, бізге естілмейтін құпия дыбыстардан тоят алатын жұмбақ ақын. Ақын өлеңдерін оқыған сайын ақиқат бейнелі рух, сезім мен сананың бірлігі көңілге ұялайды.

Ендеше бір сәт экранға назар аударайық.

1-жүргізуші: М. Мақатаев өзінің туылған жерін өте қатты сағынып өлеңіне қосқан екен.

«Отан» өлеңі оқылады.

2-жүргізуші: Ақындықпен айналысқан 30 жыл ішінде М. Мақатаев көзімен көргендерін, ақындық санамен түйгендерін төгілтіп жырлай берді, жырлай береді.

1-жүргізуші: Атақты «Бақыт деген сенің бала күндерің» әнінің сөзін жазған. Сонымен қатар көптеген әндері бар, шығармалары бар. Оның есімі М. Әуезов, Абай сияқты даналармен қатар аталады. Қазақстанның мемлекеттік сыйлығының лауреаты де-

ген атағы болғанымен, оның атағы ел ішінде одан зор.

2-жүргізуші: Ән «Бақыт деген сенің бала күндерің» 0 «А» сынып оқушысы Оңболсын Заңғар мен Жеңісұлы Жігер отбасымен орындайды.

1-жүргізуші: Әр ақынның өлең мен өнер болмысында бір қасиет өзгелерінен басымырақ болады. Мысалы: Абайда – ой, Мағжанда – махаббат, Қасымда – от, Мұқағалида – Отан, тазалық, қасиет, табиғат деген ұғым басымырақ.

Табиғат,

Жанымды алсан,

Алшы менің.

Бір түйір жерге түскен тамшың едім.

Мұқағали жоғалса қайтер дейсің,

Артымда қалсын жерім,

Қалсын елім, - деген Мұқағали барлық өлеңіне бойындағы сезімнің бүкіл ағынымен барып таусыла жазды.

«Отан туралы» өлеңі оқылады.

1-жүргізуші: Өміршең өлеңдерді әнмен әрлей отырайық.

«Қуанышыңмен» әні орындалады.

2-жүргізуші: Махаббат, сүйіспеншілік тақырыбына соқпай кеткен ақын жоқ десек артық айтқандық емес. Өйткені, махаббат мәселесі, соның ішінде ананың балаға деген ыстық махаббаты –

бұл мәңгілік тақырып, бірақ әр ақын, өз сезімін, өзінің ішкі жан дүниесін әрқалай шығарады.

«Сәби ана» әні орындалады.

1-жүргізуші: Махамбет пен Абайдан бірдей қуат алып өскен Мұқағали ағамыздың мерейтойы ЮНЕСКО бойынша аталып өткен әрі ақын, әрі батыр Махамбетті пір тұтқан, ұлы Абайдың мақсатын өз мақсатым деп білген екен.

«Бауыржан ағаға» өлеңі оқылады.

2-жүргізуші: Ақын жүрегі нәзік, сезімтал. Кей кейде ол өзіне сүйеніш, тірек болар адамды іздейді. Кез келген адам ақын жанын түсіне бермейді, ақынды ақын жұбатады.

Ақынды ақын оятпаса, ол қайғы,

Ақынды ақын таяқтаса, ол қайғы,

Ақынды ақын күйелесе, ол қайғы.

«Жоқ, дәрігер» өлеңі оқылады.

Қалықтаған биік шың асқарынан,

Күн шұғыл қарсы алып аспанынан.

Талантты, тартымды ақындардай,

Жазушының көрінер дастанынан.

«Арманым, тіріл, көз ілген» өлеңі оқылады.

2-жүргізуші:

Ақ қырау тұрған ақпанда,
Ағаштар сырға таққанда,
Бозарып тұрып ақ таңда,
Есіңе мені алғайсың — деп толғанады.

«Бақытыңды жырлайды» әнін қабыл алыңыздар.

1-жүргізуші: «Менің қымбатты достарым!»

Егер сіздер шынымен менің өмірбаянымды, творчествомды зерттемек болсаңдар, онда мен не жазсам, соның бәрін түгел оқып шығуды ұмытпағайсыздар. Мені өз өлеңдерімнен бөліп қарамауларыңызды өтінем. (14 ақпан. 1976 жыл. Күнделігінен)

2-жүргізуші:

Қарасаз қара шалғын өленде өстім,

Жыр жазсам, оған жұртым өлендестің.

... Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев,

Өлтіре алмас алайда өленді ешкім.

Иә, өлең өлмейді. Ендеше, оны жазған ақын да өлмейді. Олай болса, М. Мақатаев та көз жұмған жоқ.

«Ырзамын» өлеңі оқылады.

1-жүргізуші:

Мына күн де, мына аспан да,
дала анау,

Бәрі бізден, бәрі бізден қалды-ау!

Өмір дейтін тағатсыз бір қозғалыс,

Өмір дейтін өлемін деп қарамау.

Қазақ халқының бір ғана Абайы болса, Мұқағали да жалғыз. Сол шындықты шын жүректен түсінсек қана тарлан талант, жыр жампозы М. Мақатаевтың ұлттық мақтанышымыз екенін мойындаймыз.

2-жүргізуші:

Табиғат, жанымды алсаң, алшы менің,

Бір түйір жерге түскен тамшың едім.

Мұқағали жоғалса, қайтер дейсің,

Артымда қалсын жерім, қалсын елім.

Кім білсін, қаншама әлі шырқарымды,

Кім білсін, қай күні сен қырқарыңды.

Мұқағали жоғалса, қайтер дейсің,

Жоғалтпасаң болғаны ұрпағымды!

Ендеше экранға назар аударайық.

Оңай сөз ғой «Отанды сүйем» деген...

Оңай сөз ғой «Отанды сүйем» деген,

Не тындырдың «басымды иемменен?»

Оңай сөз ғой, құрбым-ау, оңай сөз ғой,

«Отан үшін өлемін, күйем» де-

ген.

«Отбасы» әні орындалады.

Құттықтау сөз қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің директоры Гүлнар Нохымқызына беріледі.

1-жүргізуші: Осымен біртуар ақын Мұқағали Мақатаевқа арналған «MUQAGALI LIVE» атты кешіміз өз мәресіне жетті.

2-жүргізуші: Назар аударғандарыңызға көп-көп рахмет!

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Мақатаев, М. Аманат [Мәтін]: жыр жинағы / М. Мақатаев. құраст. А. Алтай. — Алматы: Атамұра, 2002. — 304 б.

2. Мақатаев, М. Өмірдастан [Мәтін]: таңдамалы өлеңдер мен поэмалар / М. Мақатаев, — Алматы: Жазушы, 1976. — 232 б.

3. Мақатаев, М.. Таңдамалы шығармалар [Мәтін]: монография / М. Мақатаев, — Алматы: ҚазАқпарат, 2013. — 478 б.

4. Мақатаев, Мұқағали. Тамаша айым — тамызым [Мәтін]: өлеңдер / М. Мақатаев; М. Мақатаев. — Алматы: ҚазАқпарат, 2016. — 336 б.

Аяжан Әлібайқызы БІРШІЛІК,
№5 Ақтөбе қалалық балалар
кітапханасының
кітапханашысы.
Ақтөбе қаласы

Қысқа қағыспа айтыс

Біржан сал мен қыздың айтысы

Мақсаты: оқушыларды айтыстың жана түрімен танысу; Біржан мен қыздың айтысының туу себебін білу; Берілген қосымша айтыс өлеңдерін домбырада сауатты орындап үйрену.

Домбырада шығарманы орындау шеберлігін шыңдау; Айтыс өлеңдерінің мәнін тереңінен ашу; Топтық жарысу өнеріне, көпшілікке баулу; Ұлттық өнерімізді құрметтеуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Суреттер, музыка аспаптары, техникалық құралдар.

Ұйымдастыру кезеңі. Балалардың сабаққа даярлығын бақылап өту, көңіл-күйіне назар аудару.

Сәлемдесу: Құрманғазының «Аман бол, шешем, аман бол!» күйінің әуенімен ұжымдық күй орындау.

- Балалар, сабақ басталар алдында саусақтарымызды орналастыру, қағысымызды нақтылау жаттығуын жасаймыз.

Бас

Бір





Екі --> саусақ

Үш

Бес

Үйге берілген тапсырма: Өлең

кұрап келу. Бос тор көздің ішіне сөз тіркесін тауып, жазу.



2. Айтыс әуенін еске түсіріп орындау (саусақ орналасуын қадағалау).

Жауапкершіліктерінің деңгейін бағалап, үй тапсырмасына баға беру.

- Балалар, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы – «Қысқа қағыс-

па айтыс. Біржан сал мен қыздың айтысы».

Мақсатымыз: 1. Қысқа қағыспа айтыстың түрлерімен танысу; 2. Қағысу деген не мағына береді? 3. Қазір таратылатын өлең сөздерінің мағынасына қарай топтап, үйренген айтыс әуеніне келтіріп ойнаймыз.

- Ал, балалар, ендеше, қысқа қағыспа айтыс дегеніміз – ақындардың аяқ астынан бір-бірімен сын-сықақ ретінде ұшқыр жауаптасуын қағыспа айтыс дейміз. Қазір біз Біржан сал мен қыздың айтысына назар салып тыңдаймыз.

- Біржан сал жолаушылап, бір кедейдің үйіне кездеседі, сол үйдің қызы қатықсыз қара көже құйып берсе, Біржан ернін ғана тигізіп қайтарады, сонда қыз:

- Байлардың жейтін асы жая мен жал,

Шығады нақ кедейден осындай сал.

Қыс аяғы шаруаға қиын болды,
Көжеге, кекіреймей, ерніңді мал!

Сонда Біржан:

- Атанғам ақындықпен Біржан сері,

Серінің күнде думан жүрген жері.

Қарындасым, ағаңа сөзің өтті,
Көжеңді басып-басып әкел

бері, - деген екен.

- Балалар, қазір біз үйренген айтыс әуеніне қолымыздағы өлеңдерді келтіріп айтамыз. Ол үшін екі топқа бөліну керек, ұлдар және қыздар болып. Мен сақаларды тастаймын, алшы түскен сақаның иесі бірінші топ болып бастайды. Бірінші – Біржан тобы. Екінші – Сара тобы.

1) Ойын өлең.

- Мінгенім дәйім менің дөнен керше,

Құстай ұшып кетемін өлең десе.

Көзім түсіп, көңілім ауып отыр,

Бере тұршы серігінді жөні келсе.

- Ар жағы ауылыңның адыр-қырат,

Жасайық тамашаны басты құрап.

Бермеймін қалап тапқан серігімді,

Біздерден әуре болма серік сұрап.
Беткейден төсенішке мия аламын,

Мияны төкпей-шашпай жия аламын.

Өзіме лайық деп таңдап тапқан,

Қалайша серігімді қия аламын.
Емес пе екі жаққа бірдей бұл

сын,

Деймін мен сұраншақтық сөзі күрсын.

Бұл көршім өз көңілімнен шығып отыр,

Ерікті, барам десе, өзі білсін.

2) Жұмбақ өлең.

- Жапанда бір бәйтерек, бес бұтақты,

Демейді ешкімге ешкім кес бұтақты.

Ешкім кеп кеспесе де бұтақтарын,

Бұтағы бестен артық өспей қапты.

- Бәйтерек жапандағы қол болады,

Бес бұтақ бес саусағың сол болады.

Бес саусақ бітірмейтін жұмыс бар ма,

Өссе де, кемісе де қор болады.

3) Өтірік өлең.

- Бір қоянды міндім, аспанға ұштым,

Екпініне шыдамай жерге түстім.

Алтын күндей ақ боран соғып еді,

Жалғыз қурай ығына ас қып іштім.

- Кетпесін деп кер атым су қасынан,

Шідер естім шымшықтың шудасынан. Бір өзіме қарайтын мың торғай бар,

Ешкім менің бай емес бір басымнан.

4) Шай өлең.

Хас тұлпар өршеленер айғайласа,

Ішерміз өз қолыңнан шай қайнаса.

Бойыма ішкен асым тарамайды,

Жолдасым қасымдағы қайғы ойласа.

Апырай, мына шіркін дарбан екен,

Түк таппай өз үйінен талған екен.

Алмай жатып кесені ұрттап жатыр,

Кешіксе сәл өлуге қалған екен.

5) Қойшы қыз бен қойшы.

- Ей, қойшы, байдың малын бағады-ақсың,

Қожаңа жақсы болсаң, жағады-ақсың.

Жылына алатының жалғыз бесті,

Ақыны жетістіріп табады-ақсын.

- Ол рас байдың малын бағады-ақпын,

Қожама жақсы бағып, жағады-ақпын.

Бестіні байдан алған сізге берсем,

Арқана әйелім деп қағады-ақпын.

6) Қайым өлең.

- Өлең-өлең болмайды, қайым болмай,

Ақын болмас өлеңге дайын болмай.

Сіз сұраған болғанда, біз тілеген,

Өлең десе, көргем жоқ, жайым болмай.

- Қайымның айтқаннан соң жоралғысын,

Табайын ойлы өлеңнің орамдасын.

Мұрасын ұлтымыздың ұластырсаң,

Біздерге жаудырады ел алғысын.

- Міне, балалар, сіздер өз шеберліктеріңізді сала отырып, қазір берілген өлеңді үйренген әуенге салып, бізге жеткіздіңіздер. Енді осы қысқа қағыспа айтысымызды тәмамдасақ қалай болады? Ол үшін тұрып кете бермей, бұрынсондының жолы қайырма өлеңмен бітірейік.

7) Қайырма өлең.

(«Еркем-ай» әуеніне келтіріп айту керек)

Ауылың сенің іргелі,

Шәй көйлегің бүрмелі,

Айтарыңды айтып қал,

Отырмын ғой жүргелі.

Тау басында қарағай,

Балтам жатыр жарамай.

Мен қыздарға не жаздым,

Қоятындай карамай.

Еркем-еркем, еркем-ай,

Еркелеген еркем-ай.

Еркелеген еркемді,

Еркелетсем екен-ай.

- Балалар! Сендерге рахмет!

Сабақты қорытындылау: Бүгін біз бір-бірімізбен қағысып айтысып шықтық. Қағысып айтысу деген не? (Сын-сықақпен жауаптасу деген сөз)

Біржан сал мен қыздың айтысында қандай ұйқас сөз болды? Қазір біз Бану мен Саяттың орындауын тыңдайықшы. Көже деген сөз болды.

Ал, енді, біз бүгінгі сабақта өз мақсатымызға жеттік деп ойлаймын. Сынып ішіндегі балалар белсенділігіне, толық қатысқандықтарына, жалпы өнерлеріне ризамын. «Өте жақсы» деп бағалаймын. Сау болыңдар!

К

1. Ақындар кемшілікті байқайды.

Ө

2. Жалғас-Салтанат қағыспасы.

Ж

3. Ақниет пен Ләззат ше?

Е

- О 4. Біз жауапты естиміз. Көжені қайда пісіріп, дайындаймыз?
- Ш 5. Аида достарынан не бастау үшін серік іздеді?
- А 6. Елдос Айғанымнан не сұрады?
- Қ 7. Біз қысқа қағысып не істедік?
- А 8. Ғалымжан-Ақбота қандай өлең?
- Й
- Ы
- Р
- М
- А

**Еркін ӘБДИМАНАПОВА,
Ғ. Мұратбаев атындағы мектеп-
гимназияның музыка пәні мұғалімі.
Байзақ ауылы,
Сарыкемер ауданы,
Жамбыл облысы**

Кітаппен бірге болашаққа

*Форматы: телекөпір (онлайн бай-
ланыс)*

Жүргізуші:

Қайырлы күн, құрметті қонақтар,
кітапсүйер қауым және телекөпір-
ге қатысушылар! Бүгін біз Ұлттық
кітап күніне орай ұйымдастырыл-
ған «Кітаппен бірге – болашаққа»

атты тағылымды телекөпірде бас
қосып, рухани құндылықтарды дә-
ріптеу үшін жүздесіп отырмыз. Бұл
– білімнің биігін, ойдың тереңдігін,
қиялдың шексіздігін дәріптейтін
күн. «Кітап – үнсіз ұстаз, сарқыл-
мас қазына. Ол – адамзаттың сан
ғасырлық тәжірибесін ұрпақтан-ұр-

паққа жеткізетін алтын көпір». Бүгін бізге тікелей байланысқа шығып отырған Шымкент қаласы «Мәдениет тілдерді дамыту және архивтер басқармасы орталықтандырылған кітапхана жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің №5 бөлімшесімен бірлесіп тікелей байланыс орнатып, кітаптың адам өміріндегі рөлі туралы пікір алмасамыз.

- Ендеше, сөз кезегін Шымкент қаласындағы әріптестерімізге береміз.

(Шымкент қаласы таныстырылады)

Жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті көрермендер мен қатысушылар!

Бүгін біз «Кітаппен бірге болашаққа» атты ерекше телекөпірде бас қосып отырмыз. Ақтөбе қаласында «Қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің» №5 С.Я. Маршак атындағы қалалық балалар кітапханасы мен бірлесіп өткізілгелі отырған онлайн байланысқа қош келдіңіздер! Сіздермен бүгін тікелей байланыста отырған Шымкент қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің №5 бөлімшесінің қызметкерлері Рысбаева Гүльмира Мамырбекқызы, Одаманова Ардақ Расиқызы, Нарымбетова Гүлнар Наліханқызы, тұрақты оқырмандарымыз «Талант» №3 мектебінің ұстазы Мехманова Жанат Абдуохаповна және кітапханашысы Әсілбаева Ақмарал Жапсарқызы сонымен қатар, «Талант» мектебінің

7-сынып оқушылары сіздермен тікелей эфирде.

Жүргізуші: Қош көрдік, рақмет, әріптестер!

Кітап – адамзаттың рухани қазынасы, білімнің қайнар көзі. Бүгінгі кездесуімізде біз кітаптың маңызы, оқу мәдениеті және болашақ ұрпақтың дамуы жайында әңгіме өрбітеміз.

Ақтөбе қаласында «Қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің» 14 филиалы бар. Соның ішінде №5 С.Я. Маршак атындағы қалалық балалар кітапханасы – 60 жылдан астам тарихы бар рухани орда.

Бүгінгі қонақтарымыз:

- жергілікті жас жазушы бірнеше әдеби сыйлықтардың жүлдегері, бірнеше кітаптардың авторы Әлихан Жақсылық;

- Жұбатова Жарқынай Тажаяққызы – Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Ыбырай Алтынсарин төсбелгісінің иегері, ақын, №40 жалпы білім беретін орта мектебінің зерттеуші ұстазы;

– серіктес №33 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің ұстазы Урдашева Жамиля Конисжановна;

– кітапхананың белсенді оқырманы Айнұр Еділқызы;

– кітапхананың барша белсенді оқырмандары. **Қош келдіңіздер!**

Аяжан жүргізуші: Көңіл-күйімізді көтеру үшін телекөпірімізді әсем әнмен бастайық.

(Ән орындалады)

Аяжан жүргізуші: Кітап – адам өмірінің ажырамас бөлігі. Ол бізге ой салады, бағыт береді, тәрбиелейді. Ендеше, алғашқы сұрағымызды қадірлі қонақтарымызға арнасақ:

«Кітап – сіздің өміріңізде қандай орын алады, оның рухани және танымдық мәні сіз үшін қаншалықты маңызды? Жарқынай Тажаяққызы сізден бастасақ. Шығармашылығыңыз туралы айта кетсеңіз.

Алихан Жақсылық сіздің жазушылық жолыңыз қалай басталды? Шығармашылығыңыз туралы айта кетсеңіз?

Жауап айтылады.

- Рақмет!

- Шығармаларыңызда көтерілетін негізгі тақырыптар қандай?

- Кейіпкерлеріңізді нақты өмірден аласыз ба, әлде қиялдан туа ма?

- Қай туындыңызды өзіңіз ерекше бағалайсыз?

Аяжан жүргізуші: «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, кітап оқу – рухани кемелденудің басты жолы. Расында да, кітап – адамды ойландыратын, дамытатын, болашаққа бағыттайтын баға жетпес қазына», - дегендей, Жамиля Конысжанқызы, жастардың кітап оқуға қызығушылығын қалай арттыруға болады? деп ойлайсыз.

- Рақмет!

Айнұр Еділқызы – біздің белсенді оқырмандарымыздың бірі. Ол кітапханаға үнемі отбасымен келіп,

кітап тандап, бірге оқуды жақсы дәстүрге айналдырған. Мұндай игі іс арқылы ол балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттырып, оқуға деген сүйіспеншілікті отбасы құндылығы ретінде қалыптастырып келеді. Айнұр ханымның бұл үлгісі – жас ұрпаққа рухани тәрбие берудің, кітап арқылы саналы да білімді ұрпақ өсірудің жарқын көрінісі. Айтыңызшы, Сізді кітап оқуға алғаш баулыған қандай сәт немесе адам болды? Қай кітап сіздің өміріңізге ерекше әсер етіп, көзқарасыңызды өзгертті?

Аяжан жүргізуші: Рақмет, Шымкент қаласына сөз берсек, айтарларыңыз болса мархабат. *(Осы жерде ұстазы өз пікірін айтады және оқырмандары сұрақтар қояды)*

Жүргізуші: Рысбаева Гүлмира Мамырбекқызы *(сұрақтарын қояды)*

Аяжан жүргізуші: Кітап әр адам үшін әр түрлі мағынаға ие. Біреу үшін – дос, біреу үшін – ұстаз, енді біреу үшін – шабыт көзі.

Айта кететін қызықты дерек: Әлемдегі ең көне кітаптардың бірі – папирусқа жазылған. Ал бүгінгі күні миллиондаған кітаптар электронды форматта сақталады. Бірақ соған қарамастан, қағаз кітаптың иісі мен әсерін ештеңе алмастыра алмайды. Енді кезекті шығармашылық бөлімге берейік.

Кітапхананың белсенді оқырмандары Наргиз бен Көзайымды ортаға шақырамыз.



(Оқушылар/қатысушылар оқиды)

Ән орындалады

Аяжан жүргізуші: Рақмет, оқырмандар! Құрметті Шымкент қаласындағы әріптестер, сөз кезегі сіздерде.

(Қорытынды сөздерін айтады)

Аяжан жүргізуші: Бүгін біз, Шымкент қаласы «Мәдениет тілдерді дамыту және архивтер басқармасы орталықтандырылған кітапхана жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің №5 бөлімшесіне бүгінгі онлайн шарамызға атсалысқаны үшін алғыс білдіреміз.

өлең Құрметті достар! Бүгін біз кітаптың адам өміріндегі маңызын тағы бір мәрте дәлелдедік. Кітап – өткен мен болашақты жалғайтын алтын көпір. Ол бізді тәрбиелейді, ойландырады, алға жетелейді.

Сондықтан:

- Күн сайын кітап оқуды әдетке айналдырайық;
- Кітапханаға жиі барып тұрайық;
- Жастарды кітап оқуға баулиық.

Кітапхана – оқырман мен кітап арасындағы алтын көпір. Қазіргі қоғамда рухани құндылықтарды сақтауда оның орны ерекше.

Сондықтан әрдайым кітаппен дос болып, рухани байлығымызды арттыра берейік! Кітап – санамызды серпілтіп, ой-өрісімізді кеңейтетін, болашаққа нық қадам жасауға жетелейтін сенімді серігіміз.

Қорытынды сөз кезегі:

Бүгінгі тағылымды шарамызға белсенділік танытып, өз ойларымен бөлісіп, көрік берген баршаңызға шынайы алғысымызды білдіреміз. Сіздердің әрқайсыларыңыздың қатысуларыңыз бұл кездесудің мәнін

арттырып, мазмұнын тереңдете түсті. Кітапқа деген сүйіспеншілік жүрегімізден орын алып, әр шаңырақта білім мен парасаттың шамы жарқырай берсін! Келесі кездескенше аман-сау болайық!

**Раушан Қартпайқызы
ЖУМАГУЛОВА,
№5 Ақтөбе қалалық балалар
кітапханасының кітапханашысы.
Ақтөбе қаласы**

Қазір кітап оқу – тренд, білім алу – бренд

Қалалық орталық кітапханада өткен «Қазір кітап оқу – тренд, білім алу – бренд» атты интеллектуалдық пікірсайыс – рухани әлемге жол ашқан тағылымды басқосу болды. Бұл шара – тек пікір алмасу алаңы ғана емес, кітаптың құдіретін сезіндірген, ой мен санаға серпіліс әкелген мазмұнды кездесу ретінде ерекшеленді.

Кітап – үнсіз ұстаз, сырлас дос, адам жанын байытатын сарқылмас қазына. Уақыт өзгерсе де, оның құндылығы ешқашан кемімейді. Керісінше, бүгінгі ақпарат тасқыны дәуірінде кітап – терең

ойлаудың, сапалы білімнің және рухани кемелденудің басты кілтіне айналып отыр.

Шара барысында кітапханашылар көркем әдебиет, психология, тарих және поэзия бағыттары бойынша оқырмандарға құнды еңбектерді таныстырып, әр кітаптың ішкі әлеміне үңілуге жол ашты. Ұйымдастырылған кітап көрмесі де көпшіліктің ерекше қызығушылығын тудырып, әрбір келушіні жаңа ой, жаңа ізденіске жетеледі.

Пікірсайыс кезінде оқырмандар өз ойларын ашық айтып, кі-



таптың қоғамдағы орны мен маңызы туралы терең пікірлерімен бөлісті. Бұл – кітап оқитын, ойлайтын, ізденетін жастардың бар екенінің жарқын көрінісі. Әрбір айтылған ой – рухани дамуға жасалған қадам, әр пікір – саналы ұрпақтың үні болды.

Кездесу барысында С. Керімбайдың «Қуыс кеуде» шығармасы арқылы адамгершілік

күнделікті сөз болса, Дулат Исабековтің «Тіршілік» туындысы өмірдің мәні мен адам





кітап оқыған адам — терең ойлайды, дұрыс шешім қабылдайды, өмірге саналы көзқараспен қарайды. Кітап — адамзаттың рухани шамшырағы. Ол сөнбейді, ол

тағдырына терең бойлатты. Ал «Қарғын» шығармасы кейіпкерлердің ішкі жан дүниесін ашып, оқырманды толғанысқа жетеледі. Қабдеш Жұмаділовтің «Тағдыр» романы тарихи кезең мен адам өмірінің байланысын айқындап, өткен мен бүгінді сабақтастырса, Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» шығармасы қазақ әйелінің даналығы мен қайсарлығын асқақтата көрсетті. Осындай мазмұнды кездесулер — кітаптың мәңгілік құндылық екенін дәлелдейді. Себебі

сарқылмайды. Кітап оқыған жан — уақыттан озады, ал білім алған ұрпақ — болашақты қалыптастырады. Сондықтан бүгінгі жас ұрпақ үшін кітап оқу — жай ғана әдет емес, ол — табысқа бастар сенімді жол, жарқын болашақтың берік іргетасы.

Айымгүл Ұзақбайқызы
СҚАҚОВА,
Қалалық орталық кітапхана
редакторы.
Ақтөбе қаласы

Туған өлке жыршысы

Ақтөбе қаласындағы №13 қалалық кітапханада «Оқитын өлке» акциясы аясында «Туған өлке жыршысы» атты әдеби кеш ұйымдастырылды. Тағылымы мол бұл шара қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, ақын, драматург, көптеген ән мәтіндерінің авторы Бәкір Тәжібаев-

тың 100 жылдық мерейтойына арналды. Іс-шараға кітапхана оқырмандары, «Геолог» мәдениет үйінің өнерпаздары және Д. Қонаев атындағы мектеп-гимназиясының 8-сынып оқушылары қатысты. Кештің басты мақсаты — ақынның шығармашылық мұрасын жас ұрпаққа на-



сихаттау, поэзияға деген қызығушылықты арттыру және кітап оқуға баулу болды. Әдеби кеш барысында ақынның өмір жолы мен шығармашылығы кеңінен таныстырылды. Бәкір Тәжібаевтың туған жерге, адамгершілікке, достық пен өмір сұлулығына арналған өлеңдері оқырман жүрегінен орын алғаны ерекше атап өтілді. Кештің көркемдік бөлігінде Қазақстан Композиторлар

одағының мүшесі, республикалық байқаулардың жүлдегері, әнші-сазгер Мұратбек Қаражон ақын сөзіне жазылған «Ақбұлақ» әнін орындап, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Сонымен қатар, «Жыр жауһар» поэзия театрының шәкірті Сағи Нұрқадыр ақынның «Әже» өлеңін мәнерлеп оқып, көрермендерге ерекше әсер сыйлады. Оқушылар тарапынан да ақын шы-





фармалары оқылып, кештің мазмұнын байыта түсті. Шара барысында Бәкір Тәжібаевтың «Жас дәурен», «Ақбұлақ», «Әппағым-ау» сынды танымал әндері туралы деректер беріліп, олардың шығу тарихы мен маңызы түсіндірілді. Кеш соңында викториналық ойын ұйымдастырылып, қатысушылардың білімдері сынға түсті. Осындай мазмұнды ша-

ралар арқылы ұлттық әдебиетімізді насихаттау, жас буынның рухани дүниесін байыту – кітапхана жұмысының маңызды бағыттарының бірі екені тағы бір мәрте дәлелденді.

Жанар Ералықызы АҚРАПОВА,
№13 қалалық кітапхананың
кітапханашысы.
Ақтөбе қаласы

Ұлттық кітап күні: рухани мұраға тағзым

Қалалық орталық кітапханада Ұлттық кітап күніне орай «Ұлттық кітап күні: рухани мұраға тағзым» атты ашық есік күні өтті. Бұл тағылымды шара — кітаптың қадірін ұлықтап, ұлттық рухты жаңғыртқан мазмұнды кеш болды.

Шараның басты мақсаты — ұлттық әдеби мұраны дәріптеу, кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру және қала тұрғындары арасында кітаптың маңызын кеңінен насихаттау. Себебі кітап — өткен мен бүгінді жалғайтын алтын көпір, ұлттың жадын сақтайтын асыл қазына. Кітапхана төрінде ұйымдастырылған «Ұлттық әдебиет — ұлт айнасы», «Ұлы дала тарихы — ұрпаққа аманат», «Психология — рухани дамудың кілті», «Бала қиялы — шексіз әлем» атты мазмұнды кітап көрмелері оқырман қауымды рухани әлемге жетеледі.

Ашық есік күніне қала тұрғын-



дары, кітапхана оқырмандары, «Шаңырақ» отбасылық клубының мүшелері қатысып, шараның мазмұнын байыта түсті.

Кеш көркін әсем әндер мен өнерлі жастардың жарқын өнері аша түсті. Мақсат Ерасыл мен



Рустамұлы Шарафдин орындауындағы «Ақбұлақ» әні, Мұсаев Альжанның «Мен қазақтың баласы» әні және «Болашақ» триосының «Біздің достық» әні көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Сонымен қатар, кітапхананың кішкентай оқырмандары «Кітап биін» билеп, сахнаға ерекше сән берді. Кітапхана оқырмандары өз өнерлерін көрсетіп, жылы лебіздерін білдірді. Ашық микрофон алаңында оқырмандар ақындар-

дың өлеңдерін оқып, ән шырқап, жүрекжарды тілектерін жеткізді. Бұл сәт – кітап пен өнердің, рух пен шабыттың тоғысқан ерекше кеңістігіне айналды.

Кітап – адамзаттың рухани тірегі. Ол – ойды ұштап, жүректі тәрбиелейтін, адамды кемелдікке жетелейтін құдірет. Кітап оқыған адам – уақытпен бірге емес, уақыттан озып жүреді. Өйткені білім мен парасат – кітаптан бастау алады. Осындай мазмұнды шара-



лар арқылы кітапхана тек білім ордасы ғана емес, рухани тәрбие мен мәдениеттің алтын ұясы екенін тағы бір дәлелдеді. Ұлттық кітап күні – кітапқа тағзым ғана емес, ұлт болашағына деген құрмет. Ал кітап оқитын ел – болашағы жарқын ел.

**Анарғұл Ашимовна
ЕСЕНГУЛОВА,
«Қалалық
орталықтандырылған
кітапхана жүйесі»
КММ директорының
орынбасары.
Ақтөбе қаласы**

Ерлігімен елге танылған батыр қыз

М. Ломоносов атындағы қалалық орталық кітапханасында Сапура Мәтенқызына арналған «Ерлігімен елге танылған батыр қыз» тарихи кеш өтті. Шараның рінде дүниеге келген, 1775-1776 жылдары Пугачев көтерілісінің салдарына қарсы күреске араласты. Сапура Мәтенқызының ерлігі «Көктемір» деген атпен белгілі,



мақсаты – батыр қыз Сапура Мәтенқызының ерлікке толы өмір жолын насихаттау, оның ұлт азаттығы жолындағы қаһармандық күресін жас ұрпаққа таныстыру, ел тәуелсіздігі үшін жасаған тарихи еңбегін кеңінен дәріптеу.

Сапура Мәтенқызы – XVIII ғасырдағы қазақ тарихындағы ерлігімен аңызға айналған батыр қыз. Ол 1753 жылы қазіргі Қобда өңі-

ол қайсар қазақ қыздарының рухының айғағы болып табылады. Оның ерліктері қайсар қыздарының ұлттық-азаттық қозғалысындағы қаһармандық күресінің символы болып табылады.

Шараға Ақтөбе қаласының Құрметті азаматы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, елімізге белгілі ақын, көсемсөз шебері және аудармашы



Мейірхан Ақдәулетұлы қатысып небәрі 22 жасында 10 мың қолды бастап, патша үкіметіне қарсы шыққан ержүректігіне тоқталып өтті.

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің сектор меңгерушісі Гүлбаршын Ергалиева және тарихшы, өлкетанушы Исламғали Бітік батыр қыздың тау тұлғасы туралы тарихи деректер келтіріп, баяндама жасады. Ақтөбе об-

лыстық өнер музейі қызметкері Төретаев Темірлан Ерболатұлы Сапура Мәтенқызының сұлбасы бейнеленген сурет көрмесімен таныстырды. Кітапхана оқырманы «Көктемір» поэмасынан үзінді оқыды.

Назерке АБАТҚЫЗЫ,
Қалалық орталық кітапхана
меңгерушісі.
Ақтөбе қаласы

Ғасырлар пернесі – ғибрат ғұмыр

Композитор, өнер зерттеуші Ахмет Жұбановтың туғанына 120 жыл толуына орай Қалалық орталық кітапханада «Ғасырлар пернесі – ғибрат ғұмыр» атты оқырман конференциясы өтті.

Ахмет Қуанұлы Жұбанов – қазақ музыкасын зерттеуші көрнекті ғалым, әйгілі композитор, дирижер. Қазақстанның халық артисі, өнертану ғылымының докторы, профессор, академик. Ахмет Қуанұлы қазақтың музыкалық мәдениетін зерттеп тануда, жорып түсіндіруде және жүйелеп насихаттауда жаңа сапалы биіктен көрініп, кезеңдік мәні бар қажыр-қайрат көрсеткен

тұлға.

Конференция мақсаты – қазақ музыка мәдениетінің көрнекті өкілі, ұлт руханиятының шамшырағы Ахмет Жұбановтың өмірі мен шығармашылығын кеңінен насихаттау, жас ұрпаққа оның ғылыми-зерттеушілік еңбегі мен өнердегі мол мұрасын таныту.

«Ахмет Жұбанов – қазақ музыка ғылымының негізін қалаушы» атты ақпарат тыңдалып, «Ұлт руханиятындағы Жұбанов мұрасы» тақырыбында кітап көрмесі таныстырылып, «Ғалым еңбектерінің бүгінгі маңызы» атты бейнеролик көрсетілді.





Конференцияға арнайы Ембі қаласынан шақырылған Ағайынды Жұбановтар мемориалдық музейінің директоры А. Жәнібекова Ахмет Жұбановтың қолтаңбасы бар кітаптарын, ұстаған папкасын, нота жинағын және сахнада киген фрагын көпшілік назарына ұсынып, арнайы көрмемен таныстырды. Ахмет Жұбанов атындағы музыкалық колледждің оқытушысы Аманжол Дүйсенұлы тұлғаның өмір жолы, шығармашылық мұрасы және қазақ

музыка ғылымындағы орны туралы мазмұнды ой-пікірмен бөлісті.

«Ғасырлар пернесі — ғибрат ғұмыр» оқырман конференциясы ұлт өнерінің асыл қазынасын ұлықтаған, ұлы композитордың өнегелі ғұмырын кейінгі буынға үлгі еткен тағылымды рухани кездесу болды.

Ақгүл Аманқызы ЖҰМАГЕРЕЙ,
Қалалық орталық кітапхана
библиографы.
Ақтөбе қаласы

Барлығы әдебиетке деген қызығушылығымнан басталды...

Өмірде адам тандаудан қателеспеу керек нәрсенің бірі — мамандық. Бағыма орай, өзім таңдаған журналистика саласында жолым болды. Бала күнімдегі арманым, адастырмады. Ал мендегі арман әдебиетке деген қызығушылығымнан басталған еді. Қандай да бір дүниеге қызығу бір бөлек те, оған қызықтыра білу бір бөлек. Менің қызығушылығымды сол кезде оятпағанда, бәлкім бағытым басқа болар ма еді... Ал бұл ретте ұстазым Байниязова Гүлімай апайымның үлесі зор. Менің көзімнен, өзім байқамаған жалынды байқап, соны өшірмей, әркез жігерлі сөздерімен тұтандырып отырған да сол ұстазым.

Ұстазымды еске алсам, ойыма бірден Махамбет оқулары сап етеді. Мектеп қабырғасындағы жылдарым, Махамбеттің жырын жаттап, жарыстарға қатысумен өтті. Әр жарыс сайын қарқыным да, шабысым да үдей түсетін. Махамбет поэзиясы қандай отты, жігерлі болса, соны санама сіңіру арқылы өзім де қайсар болуды үйрендім. 154 өлең... құр жаттамай, мағынасын түсін, сонда ырғағың да, өлең оқудағы мәнерің де реттеледі дейтін ұстазымның кеңестері есімнен кетпейді. Сол жа-

рысқа қатысып жүрген жылдары бір қызық оқиға болды... аудандық іріктеуде, облысқа жолдаманы алатыныма сенімді болып тұрған кезім, әттеген-ай, алдымды бір жігіт орап кетті. Ұстазым әділдік болмады деп, қазылар алқасына біраз ренжігені бар... содан не керек Көкшетаудан бір шықтым. Облыстық жарысқа қатыспай, республикалық сайыстан бір-ақ шықтым. Ал бұл, Ұстазымның еңбегі еш кетпегенін білдіреді. Иә, апай өз шәкірттері үшін әркез шыр-пыр болатын. Сол жылдары бірге оқыған қатарластарымның бәрін де, өз баласындай көріп, ақын айтудан жалықпайтын. Өзінің ұстамдылығы, өзгеге ұқсамайтын көркем мінезі көпке үлгі болды.

Мектеп бітірген соң, университет қабырғасында да қазақ тілі мен әдебиет пәндері тереңдетіліп өтті. Қиналмадым, үздік бағаға тәмамдадым. Өйткені, мектепте апайдың қалап берген іргетасы мықты болды. Кей морфологиялық, грамматикалық күрделі талдаулар кезіксе, тез талдайтынмын. Иә, апай үйреткен әр ілім — сарқылмас білім.

Қазір телевизия саласына келгеніме 1 жылдай болды. Тілшілік тіршілікке бой үйренді. Оған дейін

баспа саласында біраз тәжірибе жинадым. Баспа, радио, телевизия бәрі бір-бірімен тығыз байланысты болғандықтан, әр сала өзінше бір мектеп. Журналистика – ақпарат майданы. Осы майданда жүріп, қаламымызды ұштап, халыққа, қоғамға қызмет етеміз. Басқа мамандықты таңдар едім деген алабөтен ой ешқашан мазаламапты. Басқа өмірде тағы мәрте кім боласың десе, журналист боламын деп жауап беруден жалықпаймын. Қыз балаға ауыр

жол деп айтады. Бірақ менің ұстазым, жан бітірген мықты қанатым бар. Сондықтан, тек биік шыңдарға самғай бермекпін. Өмірлік білім сыйлағаныңыз үшін – мың рахмет, Ұстазым!

Фариза ЖАНҒАНАЕВА,
журналист,
«24kz» арнасының халықаралық
тілшісі.
Астана қаласы

Кітап – біздің досымыз



**Назгүл
Ақымбекқызы
КАЛИЕВА,**
Мыңбұлақ орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.
Мыңбұлақ ауылы,
Аягөз ауданы,
Абай облысы

Мақсаты: кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы және кітапхананың мәдени-ағарту, ғылыми көмекші мекеме екендігі жайлы түсіндіру; оқушылардың тіл байлығын, шығармашылық қабілеттерін, кітап оқуға қызығушылықтарын арттыру; оқулықты құрметтей білуге, күтіп ұстауға ұқыптылыққа, білімді-

лікке, адамгершілікке тәрбиелеу.

Көрнекілігі: ұлылар ұлағаты, кітап көрмесі, тақырыптық плакаттар.

Барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Қызығушылықты ояту. Жұмбақ шешу.

1. Қабат-қабат қаттама,

Ақылың болса, аттама.

2. Ұсынған қойнынан,

Білімнің үлесін.

Шықпайды ойыңнан,

Досың ғой білесің. Бұл не? (Кітап)

Олай болса, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: «Кітап – біздің досымыз» деп аталады.

Жоспары:

1. «Білім» кезеңі;

2. «Ақпараттар» кезеңі;
 3. «Оқу, жазу» кезеңі;
 4. «Шежіре» кезеңі.
- «Білім» кезеңі.

Кіріспе.

Кітап – біздің рухани сарқылмас қазынамыз. Кітап – ғылым. Ол бүкіл адам баласына ортақ. Білім жемісін халық арасына жаюшы, таратушы. Кітап – ақылдың кені, бар білімнің бастауы, бар ғылымның бастауы. Өз бетімен кітап оқып, оның көмегімен үздіксіз білім алған, сөйтіп атақты ғалым болған адамдар дүние жүзінде аз емес.

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы өз білімін өз бетімен ізденуінің, кітапты көп оқуының арқасында жетілдіреді, әрі бірнеше тілді меңгереді, алдыңғы қатарлы ойшылдардың еңбектерімен танысады. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Кітап – сендердің дүниетанымдарыңды кеңейтіп, рухани жан дүниелеріңді оятып, ақылшы серіктерің болады.

Кітап та алма ағашы,
Жемісін біздер теретін.

Тәтті алмаға балашы,

Кітабыңның әр бетін, - деп Мұзафар Әлімбаев атамыз жырлағандай, бүгінгі сабағымызда біз де кітапты алма ағашына балап отырмыз. Енді мына алма ағашына кітап туралы білетінімізді кластер құру арқылы айтайық.

Енді кітапты ортаға шақырайық.

Өзінің қалай жасалғаны туралы қысқаша айтып берсін.

Кітап:

Мен адамның досымын. Менің атым – кітап. Мені жасау үшін адам баласы көп еңбек сіңіреді. Алдымен адам орманнан ағаш кеседі. Оны фабрикаға апарды. Фабрика ол ағаштан қағаз жасап шығарады. Содан соң оған авторлар жазады. Суреттер салады. Баспахана жазулар мен суреттерді басып, кітап етіп шығарады. Жұмысшылар машина мен поездарға тиеп, ауыл-ауылға, қала-қалаға таратады. Міне, мен сенің қасында тұрмын, мені күтіп, жыртпай ұста. Мен сенімді досымын.

Поэзия минуты. Енді кітап туралы ақындарымыз қалай жырлаған екен, тыңдап көрелік.

1-оқушы:

Адамның досы кітап, өмір кілті,
Тең келмес оған жиған дүние мүлік.

Ақылшы, жанға серік жол бастаушы,

Асыл ой, қазынасы, өмір көркі.

2-оқушы

Кітапті оқымайды сыйламаған,
Білімге жанын жанып қиналмаған.

Өсірген кімнің болсын ой-өрісін,
Сол кітап бек ақылшы күнде маған.

Көрініс.

Математика: Ей тұрсаңшы! Қайда келдік? Тірімісің өзін?

Ана тілі: Ой мазамды алма, бүйткен тірлігің құрысын. Мұнан да дал-дұл болып, желмен бірге ұшып, не өртеніп өртеніп кеткенім артық еді.

Математика: Не болып қалды? Сыртың бүп-бүтін ғой. Менің ием өте ұқыпты оқушы. Бүлдірмек түгілі шаң мен кір жуытпайды.

Ана тілі: Сыртым бүтін, ішім түтін. Ана тілі оқулығымын. Мен үшін авторлар түн ұйқысын 4 бөліп, қаншама қызмет етті. Сонда кім үшін? Балалар оқысын, сауатын ашсын, адам болсын деген ізгі ниет еді ғой. Сорыма қарай Адырбай деген баланың қолына түсіп, 1 жыл бойы осындай күйге түстім. Қайтейін, өткен күнім есіме түссе, сай-сүйегім сарқырайды.

Математика: Жүр кітап емхана-сына барайық. Онда ұқыпты оқушылар дәрігер болып істейді. Олар сені емдеп шығарады деп ойлаймын.

Дәрігер: Сәлеметсіздер ме? Иә, тындап тұрмын сіздерді.

Математика: Менің досым ауырып қалды.

Дәрігер: Балалара, жан-жануар, өсімдіктердің ауыратын сияқты, кітаптар да ауырады. Кітаптарда мынадай ауру түрлері болады.

1. Туғаннан пайда болатын аурулар (баспадан дұрыс басылмаған);

2. Қартайғаннан болатын аурулар (көп жыл ұсталған);

3. Жұқпалы аурулар (кірлеген сия

жағылған, май қолмен ұсталған);

4. Дұрыс жағдай болмағандықтан (терезенің, күннің көзінде, дымқыл жерде тұру);

5. Кездейсоқтықтан болатын аурулар (батпаққа жығылып былғануы, жыртылуы).

Судың әсерінен, сыртқы қабының былғануы, парақтарының бүктелуі – бұл жеңіл емделетін аурулар.

Фарзацтың жыртылуы, түбінің ажырауы, парақтың босап қалуын ота жасау арқылы емдейміз (жасап көрсетеді).

Ана тілі

Мен саған білім-ой бердім,

Білім жолы биікте.

Әрқашан мені күтіп ұсташы,

Оқырман, досым, сүйікті!

«Ақпараттар» кезеңі.

Кітапханашы кітаптың шығуы мен Қазақстандағы кітапханалар тарихы туралы әңгімелейді.

Сөздік жұмыс.

«Мұқаба» – қағаздан қатырма қағаздан, былғарыдан және матадан жасалған кітаптың сыртқы жамылғысы.

Оның қызметі: қорғаныс, ақпараттық, эстетикалық.

Титул беті – негізгі бет, шығуы туралы мәлімет.

Аннотация – кітаптың қысқаша мазмұның ашатын элемент. Титул бетінен кейін сол жақта орналасқан.

Алғысөз – шығарманың алдындағы кіріспе мақала.

Соңғы сөз – шығармадан кейінгі қорытынды мақала.

Мазмұны – кітаптағы мақала, әңгіме, повесть, романдардың тізбесі, әр мәтіннің бірінші бетіне нұсқау.

Кітапты оқу ережесі:

1. Кітапты күнделікті үзбей оқуға дағдылан;

2. Кітапты қалай болса солай оқымай, оларды белгілі бір мақсатпен, жоспар бойынша оқы;

3. Кітапты төсекте жатып, ас ішіп отырып оқыма, кітапты үлкен ой еңбегімен оқу керек;

4. Кітапты оқығанда ойға сақтауға, керекті сөздерді өзіңе дәптерге жазып алып, өмірде пайдалануға әдеттен;

5. Кітапты көп оқысаң, сөз байлығың молайып, ойлау қабілетің терең болады.

Сөзжұмбақ, ребустар құрау.

«Шежіре» кезеңі.

Мына гүлдеп тұрған ағашымыз жеміс беретін болды. Мына тұрған алмалардың соңында мақал-мәтелдердің басы жазылған, соны аяқтап, осы ағашқа ілеміз.

1. Кітап – білім бұлағы, ...

2. Кітап – ғалым, ...

3. Кітапсыз білім жоқ, ...

4. Кітап оқығандікі, ...


5. Кітап көзі жұмыққа арзан, ...

6. Білім шамшырағымыз, ...

7. Кітап білім есігі, ...

Қорытынды.

Белсенділік танытқан оқушыларды марапаттау.



«Оқу, жазу» кезеңі

Шығармашылық тапсырмалар.
Кітап туралы шығарма, өлең жазу.

Алтыбақан аясында

Мақсаты: халқымыздың ұлттық мейрамдарының бірі – Наурыз туралы насихаттау, оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, ана тілін, халқымыздың ұлттық мерекелерін құрметтеуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктері: Наурыз мерекесіне арналған бүктемелер, гүлдер, шарлар, нақыл сөздер жазылған плакаттар.

Барысы.

I жүргізуші:

Ассалаумағалейкум, халқым менің,

Ақтарған кең даламның алтын кенін.

Мереке басы болсын берекенің,
Ардақты Наурыз тойы – салтын елім.

II жүргізуші:

Шалқытып мерекеді ән салайық,
Өнерпаз өрендерге тамсанайық.
Ертеден мирас болып бізге жеткен

Думанды мерекені қарсы алайық...

I жүргізуші:

Ал, балалар, тұрмайық,
Әндетейік, жырлайық.
Алтыбақан басында
Думандатып би билеп,
Инжу-маржан шашайық.
(Сахнада алтыбақан бейнеленген сурет. Жастар алтыбақан басына жиналады)

1-оқушы: Оу, балалар, қас қарайып, ақсүйек ойыны басталғанша бос отырамыз ба осылай?

2-оқушы: Жандос, сен алтыбақан басында қызу ойын басталды деп мені жетектеп алып келдің. Осы айтыңдаршы, түк түсінсем бұйырмасын. Екі күннің бірінде басымыз қосылып, алтыбақан басына жинала бермейміз. Бүгін ненің құрметіне жиналып отырмыз?

3-оқушы: Бәлі, сен білмейтін бе едің?! Көктем келді, ағаштар сырға тағынып, табиғат-ана жасарды. Құстар думандатып ән салып тұр. Сол думанға біз де қосылайық деп жиналдық.

4-оқушы: Жоқ, ең бастысы – Жаңа жыл келеді, ұлттық мейрам – Наурыз мерекесі келе жатыр.

5-оқушы: Дұрыс айтасың. Наурыз мерекесін халқымыз «Ұлыстың ұлы мерекесі» деп те атайды.

6-оқушы: Құлпырған даламызда жасыл жиек,

Қызғалдақ гүл оранған елден ерек.

Мәуелі жеміс бағы, суы шипа,
Тек қана біздің елде болса керек.

7-оқушы: Күн күлімдеп, нұрын шашар, шуағын,

Құтты болсын, Наурыз айы қадамың!

Бүгін бізде салтанат қызық ойын,

Халқым-ау, құтты болсын жыл басың!

8-оқушы: Олай болса, балалар, бүгінгі Наурыз мерекесіне құрылған алтыбақанның алғашқы жыршашуын өзім бастайын.

«Қош келдің, Жаңа жыл!» әні орындалады.

Оқушылар: Бәрекелді! Жарайсын!

9-оқушы: Келесі кезекті күйге берсек қайтеді? Шіркін, күмбірлеген домбыра киелі ғой.

Оқушылар: Берейік.

«Мереке» күйі орындалады.

10-оқушы: Уа, халайық, ойын ойнайық...

Оқушылар: Дұрыс-ақ. Дастанның ұсынысы орынды, ойнайық.

10-оқушы: Ендеше, «Қызық тергеу» ойынын бастаймын. Ортаға бір бала шықсын.

Қазір алтыбақан тергеуі басталады. (Ортаға бір бала шығады)

10-оқушы: Есімің кім?

Ойыншы: Медет.

10-оқушы: Медет, менің ендігі сұрақтарым есімің басталатын әріптермен жауап беруге тырыс. Қай жерденсің?

Ойыншы: Маңғыстауданмын.

10-оқушы: Әкеңнің аты кім?

Ойыншы: Манарбек.

10-оқушы: Анаңның аты кім?

Ойыншы: Меруерт.

10-оқушы: Қай жылғысың?

Ойыншы: Мешін.

10-оқушы: Руың кім?

Ойыншы: Масақ.

10-оқушы: Пәлі, Медет, жеңілдің. себебі масақ деген ру жоқ.

Ойыншы: Жарайды, мен-ақ жеңілейінші осы. Есесіне бір ән салып берейін.

«Туған жер» әні орындалады.

1-оқушы: Енді осы жерден ойынымызды доғара тұрайық та, кезекті биге берейік.

12-оқушы:

Буындарым былқылдап,
Саусақтарым сыртылдап,
Тал шыбықтай иіліп,
Таң қалдырам биіммен.

Шара апайдың сіңлісі

Бұл жиында кімнен кем?

«Қара жорға» биі биленеді.

1-оқушы: Айгүлжан, баршамыз би сиқырына таң-тамаша болып тұрғанда, көңіліңді неге мұң басты?

13-оқушы: Жандос, қарашы, айнала қандай сұлу! Ғажап! Мынау табиғаттың мың құбылған тамаша көркі кімге шабыт бермеді?! Осындай шақтарда ақын Мұқағали ағамның мына бір шумақтары есіме түседі.

М. Мақатаевтың «Жапырақ жүрек жас қайың» өлеңі мәнерлеп оқылады.

14-оқушы: Оу, балалар, сезімнің терең тұңғиығына сүңгіп кетіпсіңдер ғой. Шамалы болса да, серпіліп, санамызды ширатайық. Қане, тапқыш болсаңдар, менің жұмбақтарымды шешіндерші.

Жұмбақтар:

1. Сүмбіл теректі, жасыл желекті,
Ерден қалмайды, жауға керекті.
(Найза)

2. Жансызда бір жансыз бар, жал-
ғыз аяқ,

Беліне қыстырғаны шиден таяқ.
Келбетіне қарасаң ештеңе емес,
Беліне буыныпты аямай-ақ. (Ұр-
шық)

3. Тептім, терекке шықтым.
(Үзенгі)

4. Шидиген ұзын сирағы, тастай
керен құлағы,

Сөйтіп жүріп көп жерге аспалы
тор құрады. (Өрмекші)

5. Тұратын әр үйде, жайлы орын
сәбиге,

Шаңғы табан үйшік ол, тербете-
тін әрине. (Бесік)

6. Сөйлесесің әркіммен, естіл-
мейді дыбысың,

Білінбейді бір ісің. (Түс)

7. Жетісу мен Арқаның арасында,
Сынаптай көлбеген көл жағасын-
да.

Орналасқан қаланың есімі де,

Көл аттас, ойлансаң сен табасың
да. (Балқаш)

14-оқушы: Жарайсыңдар! Жасыр-
ған жұмбақтарымның барлығының
шешуін таптыңдар.

15-оқушы: Ендігі кезекті әдеп сақ-
тап отырған биязы қыздарымызға
берсек қайтеді?!

Олар да өз өнерін көрсетсін.

16-оқушы: Алтыбақан басына ке-
ліп тұрып, үн-түнсіз кеткенім жа-

распас. Мен сіздерге халық әні «Бір
баланы» орындап берейін.

1-оқушы: Балалар, ойнасақ та бі-
раз жерге бардық. Өзгені көрдік,
өзімізді көрсеттік, өнерімізді ортаға
салдық. Жарқырап ай да туып қа-
лыпты, ақсүйек ойнайтын кез таян-
ған сияқты.

Оқушылар: Ендеше, ақсүйек ой-
науға кеттік!

- Ақсүйек ойнаймыз! (Барлығы
сахнадан жүгіріп шығып кетеді)

I жүргізуші: «Алты жыл аш болсаң
да, атаңның салтын ұмытпа» деген-
дей, бүгінгі алтыбақан басына кел-
гендер сол ескі дәстүрді жаңғырт-
қан сияқты.

II жүргізуші: «Ант бұзған оңбай-
ды, салт бұзған сорлайды» деген
аталы сөзді ұмытпай, халқымыздың
салт-дәстүрін қастерлеп, кейінгі ұр-
паққа мирас етіп қалдырайық.

I жүргізуші:

Жаса, Наурыз, жаса көктем,

Жаса, достық, күн, тіршілік!

Болсын ұмыт, мұндар өткен,

Мейірімділік күлсін шығып, -

деп, Наурыз мерекесі қарсаңында
сіздерге зор денсаулық, мол бақыт,
береке, бірлік тілейміз.

Келесі алтыбақан басында кез-
дескенше қош, сау болып тұрыңыз-
дар!

Гүлзат КАРИМОВА,

№1 орта мектептің қазақ тілі

мен әдебиеті пәні мұғалімі.

Жезқазған қаласы



Қымбат Ерданқызы НҰРҚАЛИ,
Жайсан орта мектебінің 3-сынып оқушысы.
Жетекшісі: Жұлдыз Турысбековна
ТУМЕНБАЕВА,
бастауыш сынып мұғалімі.
Жайсан ауылы,
Шу ауданы,
Жамбыл облысы.

Көктем шуағы

Көктем келді, жайнап тұр дала,
Күннің нұры төгілді айналаға.
Құстар әні көкте еркін қалықтап,
Жүрек толды қуаныш пен шаттыққа.

Жасыл шөптер жерді жауып өседі,
Гүлдер ашып, әсем түрге енеді.
Самал желмен тербеледі ағаштар,
Көктем келіп, әлем нұрға бөленді.





Алинұр Әмірханұлы РЫМТАЙ,
Жайсан орта мектебінің 9-сынып оқушысы.
Жетекшісі: Гүлнур Газизовна НУРАЛИЕВА,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Жайсан ауылы,
Шу ауданы,
Жамбыл облысы

Әбіш – кемел ойдың кемеңгері

1939 жыл

Ызғарлы суық Маңғаздың Оңды мекені,
Академик, лауреат бағы да бар екі елі.
Сөзі арқылы сөйлетті, бәрі анық қой,
Әбіштің нағыз біртуар тұлға екені.

Бала күннен кітап сырын ұққан ол,
Сөз қадірін жүрегімен тұтқан ұл.
Азаттықтың ақ таңы деп жырлайтын,
Тастың өзін қақ жаратын оқ қару.

Уа, уақыт! Тоқта бір сәт, тыңда мені,
Сөз сөйлесін жүректің шын әуені.
Гурьевтей дархан елде бір ұл туды,
Бұл қазақ бәйтерегі шын мәуелі.

Туған жердің тасы жыр, ал құмы сыр,
Сол бір үннен жаралған дара ғасыр.
Кеудесінде «Шыңыраудың» үні жатқан,
Ол – Әбіш, ол – эпик, рухты асыл.

Тағылымдық мәселені талдады,
Жері үшін қоярға жаны қалмады.
Үркерді жазды, 4 бөлімді қамтыды,
Шиеленіске толы шығарма ауыр салмағы.

Күйшіні тірі өлтірді жерге көмеді,
Күй ол құр емес, еді ол жанның көмегі.
Түркмен қазақ арасындағы соғысты,
Адам болуды осы шығарма береді.

Заман мен адам арасындағы әңгіме,
Әлде кісі өлтірген әйел өмірі мәнді ме?
«Бақытсыз жандар», «Мазасыз шақта» қалыпты,
Сыңаржақ жайлы моральды өлең сәнді ме?

Өткен күнді тірілтіп, сыр шертеді,
Өз өмірі 35-тің екеуі болды келтелі.
Әкесін тіпті өлгенін білмей майданнан,
Анасы-дағы бос емес айтар ертегі.

Ол жазды бірақ қаламмен емес, жүрекпен,
Әкесі шахтер кен қазатын күрекпен.
Елдің қамын, болашағын тізетін,
Сыр дестесі терең талдау о неткен.

Ол сөйлемеді – бірақ сөзі сөйлетті,
Ол айтпады – ол шындықты тербетті.
Бір ауыз сөз – бір халықтың тағдырын,
Бір кітабы – қиындықты күйретті.

Ол тарихты кітап қылып жазбаған,
Ол тарихты жүрекпенен қозғаған.
Қанша ғасыр үнсіз жатқан шындықты,
Оятты жұртты сөздерімен аздаған.

«Лениншіл жастың» жеңіл болмады тағдыры,
Зәузат, Сәулет тыныштық сыйлар жаңбыры.
Жұмабайдың Кларасы дертті емдер жан жары,
Әулет, Зәулет ұлдары, үлгі тұтар әрбірі.

Жанған шырақ уақытпенен сөнбейді,
Әбіш деген – бір әлем, ол өлмейді.
Кетті бірақ... сөзі қалды мәңгілік,
Уақыт, шіркін, қайта оралып келмейді.



Мектептегі мерекелер

тәрбие жұмыстарының сценарийлері

Құрметті оқырман қауым!

Қолдарыңызға тиіп отырған журнал мектеп, мектепке дейінгі, арнайы, жоғары оқу орындары мұғалімдері мен оқытушыларына, жалпы оқырмандарға арналған. Журналға «Казпочта», «Ернұр пресс», «Евразия Пресс», «Экспресс почта» және Post.kz сайты арқылы жазылған тиімді.

Жазылу ай сайын жүргізіледі.

Мекен-жайымыз: 050036, Алматы қаласы, Мамыр-2, 13-7.

**Қиып алыңыз да,
жазылыңыз!**

Индекс 75489

		Басылым индексі									
		АБОНЕМЕНТ									
		75489									
Мектептегі мерекелер тәрбие жұмыстарының сценарийлері											
		Комплекті саны									
2026 жылға, айлары											
қайда											
		(почта индексі)	(мекен-жайы)								
кімге _____											
(аты, жөні)											
		Тасымалдау карточкасы									
		75489									
		Басылым индексі									
	ПВ	орны									
Бағасы	Жазылу мекен-жайын өзгерту	...тенге ...тенге	...тийн ...тийн	комплекті саны							
2026 жылға, айлары											
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
қайда											
		(почта индексі)	(мекен-жайы)								
(аты, жөні)											



Наурыз — бейбітшілік пен жаңару мерекесі

Ақтөбе қаласы №5 Ақтөбе қалалық балалар кітапханасында 22 наурыз – Ұлыстың ұлы күніне орай «Наурыз – бейбітшілік пен жаңару мерекесі» тақырыбында ғажайып өрісі (поле чудес) өтті. Кітапханаға серіктес Ақтөбе көпсалалы «Тарлан» және «Рауан» колледждерінің оқырмандары қатысты. Кітапханашы Аяжан Біршілік қатысушы оқырмандарға ойынның шарттарын таныстырды. Атап айтсақ:

- Бұл ойынға серіктес әр колледжден бір-бір оқырман қатысады;

- Әр кезеңнен өткен жеңімпаз төртінші кезеңге өтеді;

- Төртінші кезеңде ұпай санымен жеңімпаз анықталады;

- Қойылған сұраққа әріптеп немесе сұрақтың толық жауабын айту керек.

Шара барысында қойылған сұрақтар:

- Наурыз айында ұшып келетін құс? (Наурызкөк) наурыз айында ұшып келетін көктем құсы. Қарасы шағын ғана, осы құсты шығыс елі күтіп жүреді. Оны алғаш көргендер «Наурызкөгім келдің бе?» деп шақырады және де жем шашады. Наурызкөкті ешкім қумайды, үркітпейді. Халқымыз оны бақыт құсы қатарына да қосқан.

- Екінші айналымның ойыншыларына қойылған сұрақтар:

Наурызда қыздардың жігітерге арнап дайындайтын тағамы? (Ұйқыашар) Ұйқыашар – қазақ халқының салты. Той, мереке алдындағы түнде қыз-келіншектер, жігіттер ұйықтап қалмасын деп, жақсы тағамдардан ұйқыашар деген тамақ дайындаған. «Ұйқыашар» қыз, жігіттердің бір-біріне деген сезімі мен махаббатын арттыра түсуге себепші болған екен.

- Үшінші айналымның қатысушыларына қойылған сұрақтар: Қазақтың ежелгі ұғымында 21 наурыз күні жер иесі дала аралайды екен. Таң бозарып келе жатқанда мейірім түскен бір үйге келіп қонады. Қонған үйге құт береке дариды,

дәулеті шалқиды дейді, бұл кім? (Қызыр баба)

- Үш айналымнан шыққан жеңімпаздарға қойылған сұрақ:

Қазақ халқы жаңа жылды 22 наурыз күні қарсы алған. Сол күні даланы Қызыр баба аралап, Самарқаның көк тасын еритсе керек. Сондықтан, осы күнді асыға күткен үлкендер ел ішінде ән шырқаған. Осы шырқалған әннің атауы қандай? (Самалық)

Бірінші айналымның жеңімпазы Ақтөбе қаласындағы «Тарлан» көпсалалы колледжінің оқырманы Жеткерей Қарлығаш атанды. Ақтөбе қаласындағы «Рауан» көпсалалы колледжінің оқырманы Жолдағалиев Қолғанат ешкінші кезеңнің жеңімпазы болды. Ал, үшінші кезеңнің жеңімпазы Қолғанатов Сағыныш иеленді. Қорытынды кезең бойынша ұпай санымен және өзінің шапашандығы, ой зеректігімен алға шыққан Ақтөбе қаласындағы «Рауан» көпсалалы колледжінің оқырманы Қолғанатов Сағыныш жеңімпаз атанды.

Ақтөбе қаласындағы «Рауан» көпсалалы колледжінің кітапхана меңгерушісі Гүлден Маратқызы наурыз мерекесімен құттықтап, ұйымдастырушыларға алғысын білдірді.

Шара соңында кітапханашы Раушан Жұмағұлова кітап көрмесіне толық тоқталып таныстырды. Өз Наурыз еңсесі биік елдіктің, іргесі сөгілмес бірліктің, ынтымақ пен ырыстың мерекесі екендігін және қазақ халқының дәстүрлері, мұраларымен таныстырып, олардың тарихи маңызын түсіндірді. Жас буын оқырмандарға ғажайып өрістің сұрақтары қызықты болды. Олар білмеген сұрақтарына жауап және наурыз мерекесіне байланысты көп ақпарат алып, үлкен әсер алғандарын айтып ризашылықтарын білдірді.

**Аяжан Әлібайқызы БІРШІЛІК,
№5 Ақтөбе қалалық балалар
кітапханасының кітапханашысы.
Ақтөбе қаласы**

**Ақтөбе қаласы №5 Ақтөбе қалалық балалар кітапханасында
22 наурыз – Ұлыстың ұлы күніне орай «Наурыз – бейбітшілік
пен жаңару мерекесі» тақырыбында өткен ғажайып өріс
ойыны**

